

# Әкімшілік құқық негіздері

АҚТ-1809К

# ӘКІМШІЛІ ҚҰҚЫҚ

- ▶ Мемлекеттік **басқару** саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін сала ретінде қарастырылған
- ▶ Яғни, Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқық дегеніміз – **басқару** саласында қоғамдық қарым – қатынастарды реттейтін әкімшілік – құқықтық нормаларын жиынтығы.
- ▶ Ал **басқару** саласы дегеніміз – атқарушы билікті жүзеге асыратын орган.

# Құқық нормалары

- ▶ Ұлттық құқықтың бір саласы және құқық жүйесінде жетекші позицияда болады.
- ▶ Осыған орай Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялаған жағдайда әкімшілік – құқық нормаларының қажеттілігі арта түседі.
- ▶ Себебі бұл нормалардың көмегімен үкіметтің және басқа атқарушы мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы реттеледі.

# Әкімшілік құқық саласын 3 бағытта қарастырсақ болады


Әкімшілік – құқықтың жалпы ұғымын (яғни, рөлі мен маңызы, пәні мен атқарушы билігі, нормаларының түрлері мен қайнар көздерін).

Әкімшілік – құқықтың қатынастары (ұғымы мен ерекшеліктері және түрлері).

Әкімшілік құқықтың рөлі мен маңызы

# ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ҰҒЫМЫ

- ▶ Құқық жүйесінің ең үлкен және күрделі салаларының бірі — **әкімшілік— құқық**. Ол қоғамдық қатынастарды реттеп қана қоймай, мемлекеттің **басқару** қызметінің процесінде пайдаланатын және мемлекеттік аппараттың тәртіптелген бірізділік жұмысын қамтамасыз етеді.
- ▶ Мемлекет әкімшілік — құқықтың нормалар арқылы өзінің өкілетті органдарымен қоғамның қажеттерін қанағаттандыру және де өз азаматтарының өміріне қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету үшін экономикалық және әлеуметтік — мәдениеттік мәні бар аса маңызды ұйымдық шараларды жүзеге асырып отырады.

- 
- ▶ **Әкімшілік** – құқық азаматтардың **мемлекетті** басқаруға қатысуларының құқықтық және ұйымдық нысандарын бекітеді, өкілетті органдар мен лауазымды адамдар үшін де, сондай – ақ қатардағы азаматтар үшін де тиісті мінез – құлық ережелерін тағайындайды.
  - ▶ **Оның** көмегімен Қазақстан Республикасында құқықтың мемлекет құрудың міндеті шешіледі және әкімшілік – құқықтық қатынастарға барлық қатысушылардың құқықтық мәдениеті қалыптасады.

# Әкімшілік—құқықтың дербес салаларының бірі – атқарушы билік

- ▶ Әкімшілік-құқық – атқарушы билік аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылатын құқықтың дербес салаларының бірі.
- ▶ Атқарушы билік тармағын алатын болсақ, ол ұйымдастыру басқарушылық, атқару — өкім ету сипаты бар функцияны жүзеге асырады.
- ▶ Іс жүзінде оларды мемлекеттің арнаулы органдары – атқарушы билік органдары орындайды, олардың қызметі заңдардың негізінде және соларды орындау үшін мемлекет пен **оның** аппаратының күнделікті жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады.

# Атқарушы билік органдары қызметінің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

## Болжау

Қолда бір ақпараттың, **оның** ішінде ғылым негізінде қандай болса да оқиғалардың немесе процестердің дамуындағы өзгерістерді алдын ала болжайды.

## Жоспарлау

Әлде бір басқарылатын қызметтің бағыттарын, мақсаттарын, міндеттері мен күтілетін нәтижелерді, пропорцияларды, қарқындар мен нақты сандық және саналық көрсеткіштерді анықтау; басқарушы және басқарылушы кіші жүйелерді ұйымдастыру.

## Бақылау

Заңдарды, жоспарларды, бағдарламаларды орындаудағы бұзушылықтарды табу және жою және шаралар, **оның** ішінде белгіленген тәртіпті бұзушыларға, қолдану үшін істің нақты жағдайын тексеру.



# Әкімшілік құқықтың нормалары.

Әкімшілік құқықтың нормада атқарушы билік аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез – құлықтың ережесі болады. Әкімшілік құқықтың нормасы өзімен реттелетін қоғамдық қатынастың мәнін білдіреді, нақты әкімшілік құқықтық актінің "кірпіші" болып табылады.

Әкімшілік құқықтың нормалары мен **басқару** мен жергілікті өзін — өзі **басқару** субъектілерінің өзара қарым – қатынастарының құқықтық режимін белгілейді, азаматтардың атқарушы билік аясындағы құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін және оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін айқындайды.

## Әкімшілік құқықтық нормаларының түрлері мен қайнар көздері

- ▶ Әкімшілік құқықтық нормалармен реттелетін қатынастарға қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін айқындайтын нормалар тобын **материалдық** деп атауға алынған. Мысалы: мемлекеттік **басқару** субъектілері туралы көптеген ережелердің баптары.
- ▶ Материалдық құқық нормаларын жүзеге асырудың тәртібін айқындайтын әкімшілік құқық нормалар **процесуалдық** деп аталады. Мысалы: істердің тиісті сыныптары бойынша іс жүргізуді реттейтін әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің бөлімдері.

- ▶ Әкімшілік – құқықтық нормалар көрінісінің **нысаны бойынша**: міндеттейтін, тиым салатын, уәкілеттік беретін, ынталандыратын және ұсынылатын болып бөлінеді.
- ▶ Міндеттейтін нормаға, яғни тиісті түрде іс — әрекет жасау жөнінде нұсқама қаралған Су кодексінің 42 бабы мысал болып табылады. Ол бойынша су пайдаланушылар суды үнемді жұмсауға міндетті. Мұнда тиым салуда: табиғи ортаға және шаруашылық объектілеріне зиян келтірмеу; басқа су пайдаланушы құқыларының бұзылуына жол бермеу қаралған.